



● САЛТАНАТ

ТҰҒҒЫШ ПРЕЗИДЕНТ КҮНІ – ХАЛЫҚТЫҢ ТАРИХИ ТАҢДАУЫ

ҚР ТҰҒҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ КҮНІНЕ АРНАЛҒАН ЖИНАЛЫСТА ОБЛЫС ӘКІМІ Қ.Е. КӨШЕРБАЕВТЫҢ СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Н.Бекежанов атындағы драма театрында Тұңғыш Президент күніне арналған салтанатты жиын өтті. Салтанатта облыс әкімі Қырымбек Көшербаев барша Сыр жұртшылығын мемлекеттік маңызы зор мерекемен құттықтап сөз сөйледі.

— Тәуелсіз Қазақстанның 22 жылғы тарихынан тағылым іздеген адам ұлы бастамалардың кезеңіне кездесетіні анық. Осындай игіліктердің барлығы ұлт көшбасшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың есімімен байланысты. Тәуелсіз қазақ елінің тағдыры — Елбасы тағдыры. Елбасы тағдыры — қазақ елінің тағдыры. Ұлы Абылай хан дүниеден өтер сәтінде «Елімді бейбіт өмірге жеткізе алмадым, халқым жер игілігін көре алмады, қала, кент сала алмады, елдің басын біріктіре алмадым» деп орындалмаған үш арманын айтып кеткен. Ұлы Абылайдың осы армандарын тәуелсіз еліміздің Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың толығынан жүзеге асырғанын көріп, куәсі болып отырмыз, — деді аймақ басшысы. Мұнан кейін, тәуелсіздікке қол жеткізген екі онжылдық мерзімде айында мемлекетке айналған еліміздің талайғы табыстары жайында айтылды. Бүгінде қай саланы алып қарасақ та, алға қарыштап даму бар. Соңғы он жыл ішінде елімізде ішкі жалпы өнім артып келеді. Осы уақыт ішінде 500-ден астам жаңа өндіріс орны салынды. Елімізде инновациялық өндірістер ашылууда, заманауи автобандар және темір жолдар, құбыр жүйелері мен электр желілері салынууда.

Қазақстан әлемнің 140 мемлекетімен қарым-қатынас орнатып дамытуда. Қазіргі күні ТМД да көшбасшы позицияға ие болған еліміз АҚШ-пен, Қытаймен, Еуроодақпен стратегиялық ырыстық орнатууда. Осындай жетістіктер бағдалады, оның ішінде Елбасы тәуелсіздік жылдарында облысымызда бірнеше ірі жобалардың жеке асуына бастамашы болғандығы тілге тиек етілді. «Елбасының Сыр еліне жасаған әрбір сапарынан мұндағы халықтың келешегіне деген сенімі арта түседі. Ұлт көшбасшысының ыстық пейілі, ағайынға арнаған лебіздері жұртшылықтың көңілін көтереді. Биылғы қыркүйек айында келген сапарында да Сыр халқына шайынай жанашырлық, тілектік сөздерін білдірді. Біздің жаңа істерге қолдау, қамқорлығы арқылы қанаттандырып кетті емес пе?» — деді Қырымбек Елеулы.

Шара барысында Мемлекет басшысының тағылымды өмір жолы, егемен елдің екі онжылдықта қол жеткізген табыстары туралы бейнебаян көрсетілді. Салтанатты жиынға арнайы шақырылған Абай атындағы опера және балет театрының солистері мен «Жетіген» вокалдық тобы Елбасының сүйіп тыңдайтын әндерін орындады. Мектеп оқушыларының орындауындағы «Үш қоңыр» әні көрермен қауымды бір серпілті.

Айсәуле САҒАТБЕКҚЫЗЫ.

Ардақты ағайын, қымбатты қызылордалықтар!

Осы жылғы 1 желтоқсанда Қазақстан халқы мемлекеттік мереке — Тұңғыш Президент күнін екінші рет атап өтеді.

Тұңғыш Перзидент күні — бұл тарихи таңдау күні, барлық қазақстандықтардың Ұлт көшбасшысы, Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың төңірегіне топтасу күні.

1 желтоқсан — тұңғыш президент сайлауында Нұрсұлтан Әбішұлының барша қазақстандықтардың зор сеніміне ие болған күні.

Тәуелсіз Қазақстанның іргетасын қалап, шекарасын бекітіп, болашаққа бағыт-бағдар берген, жер-жаһанға танытып, бүгінгідей біздің беделді өрі қуатты мемлекетке айналуымызда — Елбасы, Тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың еңбегі ұшан-теңіз.

Тәуелсіз Қазақстанның 22 жылғы тарихынан тағылым іздеген адам ұлы бастамалардың кезеңіне кездесетіні анық. Осынау игіліктердің барлығы Тұңғыш Президент, Ұлт көшбасшысы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың есімімен байланысты.

Осындай сәтте Елбасының «Біз мемлекет құрдық. Құрғанда да аты бар да заты жоқ мемлекет емес, бүкіл адамзат танытын, танып қана қоймаған — мойындайтын, құрметтейтін мемлекет құра алдық» деген сөзі ойға оралады.

Аз ғана мерзімде қос құрлықтың арасындағы ұлан-байтақ кеңістікте бабадан қалған қонысты түгел меңдеп, атадан қалған аруақты туды асқақ ұстап, өз алдына ел болып, еңсе көтеріп кетуді қандай тынымсыз еңбекке, қайтпас күреске, қажымас күш-жігерге түсетініне куә болдық.

Енді, міне, қай адымын да қалт жібермей бүкіл өлем қадағалап отырған айтулы мемлекетке айналдық.

Көпғасырлық тарихымыздағы ең бақытты дәуренге енді жеттік. Нәтижелі істерімізге, батыл ойларымызға, ішкі орнықтылығымызға, сыртқы тартымдылығымызға алыс-жақын бірдей назар тігуде.

Тәуелсіз қазақ елінің тағдыры — Елбасы тағдыры. Елбасы тағдыры — қазақ елінің тағдыры. Екеуін еш уақытта бірі-бірінен бөліп қарай алмаймыз.

Ұлы Абылай хан дүниеден өтер сәтінде «Елімді бейбіт өмірге жеткізе алмадым, халқым жер игілігін көре алмады, қала, кент сала алмады, елдің басын біріктіре алмадым» деп орындалмаған үш арманын айтып кеткен екен. Ұлы Абылайдың осы армандарын Тәуелсіз еліміздің Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың толығынан жүзеге асырғанын көзіміз көріп, куәсі болып отырмыз.

Бір кезеңдердегі Еділнен айырылған ел-жұрттың Есілінен де қол үзіп қалу қауіпі туған еді. Сары алтындай Сарыарқаны жайлаған бел арқамыз бес облысымызға көз сұғын қадаушылар көп болған. Осындай кезде Елбасының бастамасымен Есілдің бойына ел қондырып, еңселі Ордамызды орнаттық. Арқа төсіне есем Астана салып, өлемге Қазақстан деген абыройлы мемлекет ретінде танылдық.

Астана — Елбасының төл түлегі, еліміздің жүрегі. Астана бүкіл елдің дамуына үйітқы болып отыр. Облыс орталықтары Елордаға қарап бой түзеп жатыр. Астана бүкіл халқымызды түлетті. Елді сілкіндірді. Алыс та, жақын да білетін, сүйнетін Отанымыздың жүрегіне, тәуелсіздігіміздің тірегіне айналды.

Қазақстан Тәуелсіздігіне қол жеткізген екі онжылдықты ғана мерзімде алысқа алып елдер де, қыр астындағы көршілер де санасатын айыбның мемлекетке айналды. Ел абыройын өлемдік деңгейде асқақтату Тұңғыш Президенттің сарабалдас саясаты, қоғамдық-өлеуметтік және экономикалық реформалардың нәтижесі.

Тәуелсіздік жылдары орасан мол

табыстарға қол жеткіздік. Қай саланы алып қарамансыз, мейлі ол білім мен ғылым, спорт, мәдениет пен өнер, құрылыс пен ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп болсын бәрі-бәрінде де қарыштап дамып келеміз.

Соңғы он жылдан астам уақыттан бері елімізде ішкі жалпы өнім жыл сайын орташа алғанда 6-7 пайыз өсім беріп келеді. Осы уақыт ішінде 500-ден аса жаңа өндіріс орындары салынды. Өндірістегі технологиялық-инновациялық шығын 8 есе ұлғайды. 1993 жылдан бастап еліміздің экономикасы серпінді дамыды және 16 есе өсті.

Елімізде инновациялық өндірістер ашылууда, заманауи автобандар және темір жолдар, құбыр жүйелері мен электр тарату желілері салынууда.

Жүздеген мың азаматтар лайықты жұмыс тапты, қайта оқып, жаңа мамандықтар алды.

Екі онжылдық ішінде қазақстандық жол жаңа тәуелсіз елдер үшін үлгі — модельге айналды.

Біздің ірі жемістеріміздің қатарында 56 мемлекетті біріктіретін Еуроодағы қауіпсіздік пен ынтымақтық ұйымына төрағалықты және 1,5 млрд-тан астам халқы бар 57 қатысушы мемлекеттің қолдауына ие болған Ислам елдері ынтымақтастық ұйымына төрағалық етуімді айтуға болады.

Қазақстан Халықаралық көрмелер бюросының 157 мүшесінің дауыс беруі нәтижесінде ЭКСПО-2017-ні ұйымдастырушы елге айналды. Сондай-ақ, Тәуелсіз мемлекеттер достастығы, Шанхай ынтымақтастық ұйымы, Кеден одағы сияқты аса ірі аймақтық ұйымдардың құрудың бастауында тұрды.

Қазақстан әлемнің 140 мемлекетімен қарым-қатынас орнатып, дамытуда. Өзінің даму қарқыны, экономикалық қуаты, адами әлеуеті бойынша Қазақстан Орталық Азия мен ТМД-да көшбасшы позицияға ие болып отыр. АҚШ-пен, Қытаймен, Еуроодақпен стратегиялық

әріптестік қатынастарымыз дамытылу үстінде.

Тарихта ешқашан да бірде-бір мемлекет небәрі екі онжылдықта осындай халықаралық беделге ие бола алған жоқ.

Мұның бәрі осыдан тура 22 жыл бұрын Қазақстан халқы жасаған тағдырлы тарихи таңдаудың нәтижесі.

Қазақтың кең-байтақ даласының қай өңіріне де кие қонған, құт дарыған. Өйткенмен, тұтас түркі жұрты Сыр бойын ата-мекеніміз деп таниды. Ұлы дарияның бойында орналасқан қазақтың ежелгі астаналары бұл мекеннің тарихтағы орнын айшықтап тұрғандай. Елбасының осы өлкені «Сыр — Алаштың анасы» деп атауында айрықша мән бар. Мұнда қазақ халқының келешегіне қатысты талай тағдырлы шешімдер қабылданғаны тарихтан белгілі.

Елбасы тәуелсіздік жылдары Қызылорда облысының, ондағы еңбексүйгіш халықтың ертеңіне қажетті бірнеше ірі жобалардың іске асуына бастамашы болды. Елбасының Сыр еліне жасаған әрбір сапарынан мұндағы халықтың келешегіне деген сенімі арта түседі. Ұлт көшбасшысының ыстық пейілі, ағайынға арнаған лебіздері жұртшылықтың көңілін көтереді.

Елбасы биылғы қыркүйек айында келген сапарында да Сыр халқына шайынай жанашырлық, тілектік сөздерін білдірді. Біздің жаңа істерге қолдау, қамқорлығы арқылы қанаттандырып кетті емес пе?!

Елбасы тоқсаныншы жылдардағы тоқырау кезеңінде Арал тағдырына адам тағдыры деп қарап, экологиялық аймақтағы мемлекет басшыларының басын қосты. Арал проблемасы алғаш рет халықаралық деңгейде Қызылордада талпыланды. Нұрсұлтан Әбішұлының бастамасымен халықаралық «Аралды құтқару қоры» құрылып, экологиялық өңірдің мәселелерін жіті назарда ұстады.

2-бет

● «ЭЛЕКТРОНДЫ ПАРТИЯ»

Барша қазақ жұрты Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күні мерекесін атап өтіп жатқанда «Нұр Отан» ХДП-ның Төрағасы, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев өңірлердегі партия филиалдарымен бейнебайланысқа шықты. Оған аталған партияның облыстық филиалының төрағасы, облыс әкімі Қырымбек Көшербаев қатысты.

ЖАҢА ФОРМАТТАҒЫ ҚОҒАМДЫҚ ҚАБЫЛДАУ

Алдымен Мемлекет басшысы Н.Назарбаев жетекші партияның Астана қаласындағы республикалық қоғамдық қабылдау орталығының жаңа ғимаратын аралап көрді.

«Нұр Отан» ХДП төрағасының бірінші орынбасары Бауыржан Байбек осы жерде ел Президентінің жаңа «Электронды партия» жобасының жұмысымен таныстырды.

Осылайша аталған партия халыққа етене жақын болудың тағы бір үлгісін енгізіп отыр. Енді қоғамдық қабылдауға түскен әрбір арыз-шағым автоматты түрде тіркеліп, партияның интернет сайты арқылы оның орындалуы хабардар етіліп отырады. Айта кету керек, мұндай тәжірибе Оңтүстік Корея, Сингапур мен Данияда қолданыста бұрыннан бар.

— «Электронды партия» жобасын іске асыра отырып, біз сервисі жұмыс ұстанымын енгіземіз. Бұл жоба партия қызметінің негізгі 4 принципі — ашықтық, жауапкершілік, етілік пен тиімділікті жүзеге асыруға мүмкіндік береді, — деп атап өтті Б.Байбек.

Енді ел азаматтары үйлерінен шықпай-ақ, «Нұр Отан» ХДП-мен байланыста бола алады. Қоғамдық қабылдауға келген тұрғындармен жүздесіп, пікірлескен «Нұр Отан» ХДП-ның Төрағасы, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев бейнебайланыс арқылы барша қазақстандықтарды Тұңғыш Президент күнімен құттықтады. Сонымен бірге, жаңа ғана іске қосылған «Электронды партия» жобасына сәттілік тілеп, оның партия туралы объективті және жедел ақпарат беретін инновациялық жоба екендігін атап өтті.

Дәл осы күні еліміздің барлық аймақтарында «Нұр Отан» партиясының 50-ден астам халықпен жұмыс істеу орталығы ашылды.

Дәуржан ЕЛУБАЕВ.

ТАТАРСТАНМЕН ІСКЕРЛІК БАЙЛАНЫСТАРҒА ЖОЛ АШЫЛДЫ

Үстіміздегі жылғы қараша айының 28-29 күндері облыс әкімі Қырымбек Көшербаев бастаған делегация Татарстан Республикасында болып қайтты. Делегация құрамында облыстық мемлекеттік орган басшылары мен қызылордалық кәсіпкерлер болды. Сапардың мақсаты — әлеуметтік-экономикалық байланыстар барысында тәжірибе алмасып, іскерлік қарым-қатынас орнату болатын.



● САПАР

Татарстан — Ресейдегі іргелі аймақтардың бірі. Халқының саны жөнінен сегізінші орында. Татарлар — біздің қазақпен бауырлас халық, түбі бір түркі жұртымыз. Аталмыш республика Ресейдегі өндіріс дамыған өңірлердің қатарында. Сол мемлекетте әр өнеркәсіп өнімдері жөнінен 5 пайызға ие болып отыр. Сондай-ақ, олар өнеркәсіпте — 44,1, құрылыста — 8, көлік және байланыс салаларында — 7,7, ауыл шаруашылығында 7,1 пайыз үлесті иеленеді. Осындай іргелі аймақпен іскерлік байланыс орнату алдағы уақытта Сыр өңірінің өркендеуіне өзіндік серпін беретіні анық.

Облыс делегациясы мінген ұшақ

алдымен Никнекамск қаласына келіп қонды. Алыстан ат арытып жеткен қызылордалық делегацияның Татарстан Республикасы Премьер-министрінің орынбасары Юрий Камалтынов, Никнекамск муниципалды ауданының басшысы Айдар Метшин күтіп алды. Қазақстандық қонақтар алдымен Никнекамск қаласындағы «ТАНЕКО» ашық акционерлік қоғамында болды. Бұл компания Ресейдің мұнай өңдеу саласындағы бүгінгі заманға сай кәсіпорының қатарында. Татарстанның экономикасын дамытуда маңызды стратегиялық нысан болып табылады. Аймаққа белгілі «Татнефть» компаниялар тобына енгізілген. Осындай

тағы бір нысан — «ТАИФ» ААҚ мұнай өңдеу саласындағы ірі кешеннің санатында тұр. Онда көпкіме қажетті бензин өнімдері шығарылады және газ қондырғысы өңделеді. Аталмыш кәсіпорындарды аралау барысында қызылордалық делегация «Никнекамскшина» және «Никнекамскнефтехим» акционерлік қоғамдары ұйымдастырған көрме-жұмыстармен танысты. Одан кейін облыс делегациясы Елабугадағы «СЛАЭ» өндірістік бірлестігі» ААҚ мекемесі шығарған арнайы техникалар көрмесі мен «Алабуга» өндірістік-өнеркәсіптік арнайы экономикалық аймағының жұмысына зер салды.

2-бет

Мемлекет басшысының Үкіметтің кеңейтілген отырысында берген тапсырмаларының орындалу барысы облыс әкімі Қырымбек Көшербаевтың төрағалығымен өткен мәжілісте кезекті рет талқыланды.

ЕЛБАСЫ ТАПСЫРМАЛАРЫ МҮЛТІКСІЗ ОРЫНДАЛУЫ ТИІС

Облыста тапсырмаларды орындау тетіктері қарастырылып, бекітілген кешенді іс-жоспар жүзеге асуда. Экономика және бюджетті жоспарлау басқармасының басшысы Сәуле Құлымбетованың мәліметіне қарағанда, өнеркәсіп өнімінің көлемі Сырдария, Жалағаш аудандары мен Қызылорда қаласында төмендеп кеткен. Тұрғын үй салуда Қызылорда қаласы мол үлес алғанымен, үйлерді пайдалануға беруде артта қалып отыр. Құрылыс жұмыстарының көлемі Жаңақорған ауданында төмен. Аймақта жұмыссыздық республикалық деңгеймен бірдей болғанымен, Сырдария, Қармақшы, Арал, Шиелі және Жалағаш аудандарында жоғары.

— Бұл мемлекет тарапынан көрсетіліп жатқан қолдауды тиімді пайдаланбау салдарынан болып отыр, — деді хабарламашы.

Өңдеу өнеркәсібінің дамуына бағытталған Индустрияландыру картасының іске асуында кемшілік көп. Жүзеге асырылатын жобалар саны жыл өткен сайын азайып барады. Мысалы, 2010 жылы — 9, 2011 жылы — 7, 2012 жылы — 2 жоба жүзеге асса, осы жылы 1 жоба жоспарланған. Оның өзін күрделі жобалардың қосалқы бөлшегі жетіспегендіктен келесі жылға жылжыған. Іске қосылған 18 жобаның 9-ы толық жұмыс істеп тұр. Ал 7 жобаның қуаттылығы 100 пайызға жетпеген. Қалған 2 жобаның өлі күнге дейін инженерлік желілері тартылууда.

Бекітілген Индустрияландыру карталары толыққанды жүзеге аспай, қағаздағы қалпында қалауда. Мысалы, Қазалы ауданы бойынша жоспарланған 8 жобаның 3-үй, Арал ауданы бойынша 7 жобаның 4-үй қолға алынған. Сырдарияда жоба атаулы жоқ,

2-бет

БАЛАЛАРДЫ ОҢАЛТУ ОРТАЛЫҒЫ АШЫЛДЫ

Тұңғыш Президент күніне орай Қызылорда қаласындағы Талсуат елді мекенінде республикалық балаларды оңалту орталығының филиалы ашылды. Салтанатты шараға облыс әкімі Қырымбек Көшербаев қатысты.

Бұл 50 тесектік емдеу мекемесі аймақтағы неврологиялық ақаулы мүгедек балаларды оңалтуға арналған.

Елімізде жыл басында 50860 мүгедек бала тіркелген болса, оның 34 пайызы неврологиялық



2-бет

ақаулармен науқастанды екен. Ал Қызылорда облысында 4000 мүгедек бала бар, соның 1400-і жүкке жүйесі аурулары бойынша есепте тұрады.

Жаңа емдеу орнының жұмысымен танысқан облыс әкімі Қырымбек Көшербаев ғимаратты аралап көрді. Мұнда науқас жетімдердің сауығып кетуіне барлық жағдай жасалған. Атап айтқанда, емдік дене шынықтыру бөлмесі балғындардың сап болып қалған аяқ-қолдарын жазып, қалыпты жағдайға түсуіне мүмкіндік жасаса, мониторинг педагогикасы науқастардың үй жағдайына бейімделуіне көмектеседі. Сондай-ақ, орталықта музыка, ойын терапиялары бар, асханасы да заманауи жабдықталған.

Салтанатты шарада сөз алған аймақ басшысы Қырымбек Елеулы жылғандарды жаңа оңалту орталығының ашылуымен құттықтап, балғындарға жылы лебізін арнады. — Құрметті ата-аналар, айналайын балалар, бүгін біз қуанышты сәтте тұрмыз. Осы шараға өздеріңіздің қуаныштарыңызды бөлісуге Астанада бір топ Парламент депутаттары келіп отыр. Бізде міне, республикалық балаларды оңалту орталығының филиалы ашылып отыр. Бүгінге дейін біздің балалар Астанаға, Алматыға баратын еді, енді осы жерде емдеуге болатын балаларды өзімізде оңалтуға жағдай жасайық деп осы орталықты ашып отырмыз. Мұның материалдық базасын нығайтуға әлде де жұмыстар жасалу

керек болса, оған тиісті қаржыны бөлуге біз дайынбыз. Ендіше, Тұңғыш Президент күні мерекесі қарсаңында ашылып отырған орталық барлықтарыңызға құтты болсын, осындағы балалар тезірек ауруынан айынып, қоғамда өздерінің орнын тапсын! — деп жылы лебізін жеткізді және естелік сыйлық табысты.

Өз кезегінде ата-аналар атынан сөз алған қала тұрғыны Айжан Жеткербаева қуанышымен бөлісіп, мүгедек жандарға қолдау көрсетіп жатқан Елбасына, Елбасының саясатын жүргізіп отырған ел азаматтарына аналық алғысын арнады. Сонымен қатар, шарада ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Сейітсұлтан Әмірханов ата-аналарға, орталық қызметкерлеріне құтты болсын айтып, ізгі тілегін жеткізді.

Онан соң өнерлі балғындар қонақтарға арнап би билеп, өң шығарды. Дәл қазіргі уақытта орталықта 70 бала ем алууда. «Республикалық балаларды оңалту орталығы» АҚ басқарма Төрайымы Шолпан Бөлекбаеваның айтуынша, аталған орталықта жылына 700 бала емделіп шығады. Яғни, жүкке жүйесі ауруларымен ауыратын балалардың 50 пайызын оңалтуға мүмкіндік туып отыр. Ал, Астана мен Алматыға баратындарды қосқанда 1400 баланың жылына 70 пайызы тиісті емін алады екен.

Айнұр БАТТАЛОВА.

ТҰҒҒЫШ ПРЕЗИДЕНТ КҮНІ – ХАЛЫҚТЫҢ ТАРИХИ ТАҢДАУЫ

Бұл кезде жас мемлекеттің алдында басқа да мыңдаған күрделі мәселелер тұрған еді. Бірақ Мемлекет басшысы Сыр бойындағы экологиялық апаттан зардап шеккен халықты қат-қабат қасіреттен құтқаруды екінші кезекке ысырып қоймады. «Сырдария өзенінің арнасын реттеу және Солтүстік Арал теңізін сақтап қалу» жобасы дүниеге келіп, Қазақстанның Дүниежүзілік Банкпен ынтымақтастығына негіз қаланды. Көкарал бөгеті тұрғызылып, Ақлақ су тоспасы салынды. Сырдария өзенінің арнасы реттеліп, Қараөзек, Өйтек тоспалары қайта жаңартылды. Кіші Арал суы бұрынғы жағалауына жақындап, теңіз акваториясы ұлғайды. Ауданда балық шаруашылығы өркендеп, балықшылар ата кәсібіне қайта оралды. Жағалаудағы елді мекендердің әлеуметтік-тұрмыстық жағдайы жақсарды. Қазіргі таңда Аралда бұрынғы кеңес заманында салынбаған жаңа технологиялы балық зауыттары жұмыс істеді.

Сыр өңірі үшін маңызы аса зор «САРАТС» жобасының алғашқы нәтижелерімен танысқан Елбасы оның екінші кезеңін жалғастыруға тапсырма берді. Қасиетті Арал топырағында тұрып «Мен Аралға кемектессем деген арманыма жеткеніме қуаныштымын» деген сөзі халық жаздында мәңгі қалды.

Экономикалық қурылымы жағынан жылдар бойына аграрлық аймақ болған Сыр өңірі тәуелсіздік алған соң мұнайлы аймаққа айналды. Елбасының тікелей тапсырмасымен жалдық мерзімі аяқталған Құмкөл жерін өлді де біздің облыстың еншісіне қалдыру туралы шешім қабылданды. Қазақтың

дархан даласының, қойнауы қазынаға толы жерінің байлығы – баршаға ортақ. Ширек ғасырдан астам уақыт бұрын мұнайшылық кәсіпті игерген сырбойлықтар бүгінде Елбасының осы шешімінің пайдасын көріп отыр.

Қызылорда халқы кеңіштерде есепсіз жанып жатқан ілеспе газды жылдар бойы тұтына алмады. Қиспасыз байлық босқа жанып жатқанда, қала халқы құны аспандап тұрған отын мен көмірді ға мәжбүр болды. Елдің қамын ойлайтын Елбасы бұл істе де баста-машылық танытып, Қызылорда қаласын газдандыру жобасына қыруар қаржы бөлінді. Жыл сайынғы Жолдауларында газдандаруды аяқтау туралы Үкіметке тапсырма берді. Міне, осының арқасында облыс орталығы арзан «көгілдір отынның» игілігін молынан көріп отыр. Ал, «Бейнеу-Бозой-Шымкент» магистральдық газ құбыры іске қосылғанда, бұйырса аудандар мен ауылдар да «көгілдір отын» жағайды.

Алдағы уақытта Қызылорда облысын кешенді газдандыру қолға алынбақ. Бірінші кезеңде, яғни, 2014-2015 жылдары облыс халқының 70 пайызы газбен қамтамасыз етуге көл жеткізіледі. Бұл тапсырманы жүзеге асыру үшін қазіргі таңда облыстық бюджеттен қаржы бөлініп, техникалық-экономикалық негіздемесі жасалуда.

Бүгінде құрылысы жүріп жатқан «Батыс Еуропа - Батыс Қытай» автомагистралі Қазақстан экономикасының құретамырына айналар күн алыс емес. Осы алып жоба Сыр елінің әлеуетінің артуына қызмет етуде. Қытай мен Еуро-паны жалғастыратын транзиттік дәліздің 800 шақырымнан астамы Қызылорда облысының аймағында. Президент бастамасымен қолға

алынған бұл ұлы жол облыстың барлық аудандарын басып өтеді. Қазіргі уақытта құрылыста бірнеше мыңдаған адам жұмыс істейді. Жаңа ғасырдың жаңа Жібек жолы аймақ экономикасы мен әлеуметтік дамуына ерекше үлес қосады.

Сыр елі Елбасының ерекше ықыласына бөленген аймақ. Соңғы жылдары әлеуметтік көрсетілген қолдау арқасында жүздеген мектептер мен балабақшалар, медициналық нысандар салынып, пайдалануға берілді. Біздің облыс халқы Президенттің «100 мектеп, 100 аурухана», «Балапан», «Тұрғын үй құрылысы», «Мәдени мұра», «Қолжетімді баспана», «Жұмыспен қамту», «Бизнестің жол картасы-2020» іспеттес мемлекеттік бағдарламаларының игілігін молынан көріп келеді.

Аймақтың өсу қарқынын, даму деңгейін айқындайтын басты көрсеткіш – Жалпы ішкі өнім Республика бойынша 1993 жылы 25,1 млрд. теңгегі құраған болса, 2012 жылы 30 трлн. 346,9 млрд. теңгегі құрады.

Ал, Қызылорда облысы бойынша 1993 жылы 512,3 млн. теңгегің жалпы ішкі өнімі өндірілсе, 2012 жылдың қорытындысы бойынша 1 трлн. 176,6 млрд. теңгегің өнімі өндірілді. Республиканың Жалпы ішкі өнімінің ішіндегі облыстың үлесі 1993 жылы 2 пайызды құраған болса, қазіргі таңда 4 пайызға жетіп отыр.

Облыс бойынша экономиканың негізгі салаларына келетін болсақ: 1991 жылы 2,1 млн. теңгегің өнеркәсіп өнімі өндірілген болса, 2012 жылы оның көлемі 1 трлн. 109,3 млрд. теңгеге жетті.

Оның ішінде мұнай өндіру көлемі 1,7 млн. тоннадан – 2012 жылы 109 млн. тоннаға жеткізілді.

Ауыл шаруашылығының көлемі өнімі 1991 жылы 460,2 млн. теңгегі құраған болса, 2012 жылы 48 млрд. 505,2 млн. теңгегі құрады.

Малдың барлық түрлерінің басы өсті. Облыс шаруашылықтарының барлық категорияларында 1997 жылмен салыстырғанда мүйізді ірі қара малдың басы 60,3 пайызға, қой мен ешкі 14,2 пайызға, жылқы 55,5 пайызға, түйе саны 70 пайызға артты. ет өндіру 15 пайызға, сүт өндіру 1,6 есеге өсті.

Облыста Сыр маржанының даңқы қайта жаңғыруда. Биылғы жылы ауыл еңбеккерлері егілген 74 мың гектар күріштің өр гектарынан 48,8 центнерден өнім алып, қамбаға 365 мың тонна күріш салысын құйды. Бұл – аймақ тарихындағы ең ірі рекордтық жеңіс.

Облыс экономикасына тартылған инвестициялар 1998 жылы 10,1 млрд. теңгегі құраған болса, 2012 жылы 256 млрд. теңгегі құрап отыр. Ал, биылғы жылы облыстағы негізгі капиталға салынған инвестиция көлемі – республика өңірлері арасында ең жоғары көрсеткіш 172,1 пайызды құрап, республика өңірлері арасында 1 орында тұр.

Сонымен қатар, құрылыс жұмыстары да қарқынды дамуда. Бұл көрсеткіш бойынша да облыс республика өңірлері арасында алдыңғы орында.

Салынған тұрғын үйлердің көлемі 1998 жылмен салыстырғанда 8 есеге өсті.

Экономика дамуындағы оң ахуал бюджет кірістерінің өсуіне де ықпал

жасайды. Бюджетке салықтар мен басқа да міндетті төлемдер жинау көлемі жыл сайын артып келеді. Мемлекеттік бюджетке түскен түсім көлемі 2012 жылдың он айымен салыстырғанда 99,0 млрд. теңгеге артып, 472,0 млрд. теңгегі құрады. Оның ішінде, жергілікті бюджет түсімі 113,0 пайызға орындалып, 39,8 млрд. теңге түсіе. Бұл көрсеткіш бойынша облыс республикада алғашқы үштіктің қатарында.

Облыс бойынша 2002-2005 жылдары орта есеппен жылына 4 мыңнан астам, ал 2006-2012 жылдары 8 мыңнан астам жаңа жұмыс орындары ашылды. Нәтижесінде ресми жұмыссыздық деңгейі 1998 жылғы 10,0 пайыздан 2013 жылдың 1 қаңтарына 5,3 пайызға дейін төмендеді.

Қызылорда облысында Елбасы тапсырмасымен қолға алынған Үдемелі индустриалдық-инновациялық бағдарламасының орындалуы ерекше назарда. Осы жылдың басында шыны зауытының құрылысын Ақтөбе облысында салу туралы Үкімет қаулысының жобасы әзірленген болатын. Елбасының тікелей қолдауы нәтижесінде бұл жобаның біздің облыста жүзеге асуына көл жеткізілді. Бұл өндіріс тәулігіне 600 тонна өйнек шығаратын болса, жылына 180 000 тоннаға жуық өнім дайындайды. Көсіпорын өнімді экспортқа шығаруымен ерекшеленеді. Үдемелі индустриалдық-инновациялық даму бағдарламасы аясында «Бейнеу-Сексеуіл-Жезқазған» теміржол құрылысы жүргізілуде. «Бала-сауықсандық» ванадий кен орнында алғашқы 6 тонна сынамалы аммоний метаванадаты өндірілді.

Байқоңыр кешенін бірлесе

пайдалану мен қаланы жаңа жағдайда дамытудың «Жол картасы» әзірленді. Бұл үкіметаралық құжаттың қабылдануы қаланың, сонымен бірге іргедегі Төретам, Ақай кенттерінің қордаланған мәселелерін шешуге жол ашады.

Байқоңыр қаласының әлеуметтік және инфрақұрылымдық дамуымен қатар, экономикасын да дамыту қажет. Бұл болашақ үшін маңызды.

Сонымен қатар, Байқоңыр қаласы мен Қорқыт ата кешенінің «ЖСПО-2017» көрмесінің толыққанды объектісі болуына күш салуымыз қажет.

Биылғы жылы ЮНЕСКО-ның бүкіләлемдік мәдени мұралары тізіміне облыстағы тарихи маңызы зор ескерткіштерді енгізу жұмыстарына кірістік. Олардың қатарында әлемде теңдесі жоқ Сығанақ, Жанкент, Жент, Шірік-Рабат қалашықтары мен Қорқыт ата кешені бар. Өңірдегі ежелгі тарихи маңызы бар қалалар әлем құндылығына айналуы тиіс. Қазір ежелгі Сығанақ қалашығын қалпына келтіру үшін археологиялық жұмыстар жүргізілуде. Біз нақ осы жерде, ашық аспан астында мұражай ашуды көздеп отырмыз.

Қорқыт ата кешенін жаңартуға айрықша назар аударғанымыз жөн. Қорқыт – түркі халықтарына ортақ тұлға. Сондықтан да бұл кешенді бүкіл түркі халықтары, барша мұсылман қауымы тәу ететін қасиетті орынға айналдыруымыз қажет.

Сыр өңірі Елбасының қамқорлығы арқасында өндірісі өркендеп, тұрмысы оңалған өлкеге айналды. Қамқорлық қанаттандырған аймақ тұрғындары тәуелсіз еліміздің болашағы жолында

еңбек етіп, Тұңғыш Президентінің жанына топтасуды өмірлік мұрат тұтады.

«Тұңғыш» сөзінің мәні терең. «Тұңғыш Президент» Вашингтон, Ататүрік, Ганди сияқты тұңғыштардың қатарында Н.Назарбаев есімінің жұлдыздай жарқырап тұруы мақтанш сезімін ұялатады.

Заманымыздың заңғар жазушысы, кенен ойлы кемеңгер ағамыз Өміш Кекілбаев айтқандай «Ең алдымен ел абайройын ойламай, ешкім де жағдайын түзей алмайды. Бүгінгі отаншылдық – төзім, бүгінгі ерлік – сабыр, бүгінгі елдік – тыныштық. Қазіргі адал ниетті отандастарымыздың бір-біріне жасай алатын содан басқа жақсылығы жоқ. Сонда ғана ортақ шаруамыз оңалып кете алады».

Біз күш-жігерімізді біріктіру арқылы экономикадағы мүмкіндіктерді өңір тұрғындарының игілігіне және оның болашақ ұрпағына жарата аламыз. Оны бізміз бірлесе, біріге атқарсақ ғана жүзеге асады. Жасамыз еңбекте бізміз бірігімізге бекем, ынтымағымызға үйірілі болайық.

Өйткені бізді бір Отан, бір тағдыр, бірінші Елбасы біріктіріп отыр.

Қымбатты жиналған қауым! Бөріңізді де біздің тарихымызға қазақстандықтардың Бүкілхалықтық Таңдауының Бірлігі күні ретінде енген мемлекеттік мереке – Тұңғыш Президент күнімен құттықтаймын! Жандарыңызға жақсылық, отбастарыңызға амандық, бақыт, қуаныш, еңбектеріңізге табыс тілеймін!

Тәуелсіз Қазақстан жасасын! Еліміз, Елбасымыз аман болсын!

ТАТАРСТАНМЕН ІСКЕРЛІК БАЙЛАНЫСТАРҒА ЖОЛ АШЫЛДЫ

Қазан қаласындағы «Қазан» халықаралық әуежайында қызылордалық делегацияны Татарстан Президенті Рустам Минниханов күтіп алды. Облыс әкімі Қырымбек Көшербаев бастаған жерлестеріміз әуежайдағы 1А терминалын аралап көрді. Онда жақында әуе апатынан қайтыс болған азаматтарға гүл шоқтары қойылды. Облыс басшысы сол апатта көз жұмған Президент ұлының қазасына байланысты оған көңіл айтты.

алғашқы орында келеді. Сонымен қатар, мырыш, уран, қорғасын жөнінен еліміз бойынша алғашқы үштікте тұрмыз. Аймақ Қазақстандағы мұнай, газ және конденсат қорының 5 пайызын еншілейді. Оған қоса, жерасты су қорының 4 пайызы біздің жерімізде жатыр. Ас тұзының мол қоры бар. Жаңақорғанның минералды сулары мен емдік балшықтары денсаулық сақтау жұмысін дамытуға негіз қалайды. Өріне, бұл бағытта логистика мен инфрақұрылым

нысандар қатарына Байқоңыр қаласы да жатқызылған. Үстіміздегі жылдың қараша айында облыста «Байқоңыр» инвестициялық форумы өткізіліп, аталымы шара барысында түрлі салалар бойынша 20-ға жуық нақты жобалар негізінде меморандум жасалды. Қазақстанда инвесторлардың өз жұмысын жүргізуге барлық мүмкіндік бар.

Одан кейін аймақ басшысы Қазан (Привольжье) федералды университетінде болып, онда білім алып жүрген қызылордалық жастармен жүздесті. Кездесуде облыс әкімі сапалы білім алу арқылы соңғы буын өкілдері жоғары жетістіктерге қол соза алатынын тілге тиек етті. Бұл орайда Ресей жоғары оқу орындарының тәжірибесінен үйренетініміз аз емес. Үстіміздегі жылдың шілде айында Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті Қазан қаласында орын тепкен Қазан федералдық университеті, Қазан аграрлық университеті және А.Н.Топалев атындағы Қазан ұлттық зерттеу-техникалық университетімен іскерлік байланыс орнату мақсатында меморандумға қол қойған еді. Соның нәтижесінде бүгінгі таңда аталымы оқу орындарында 30-ға жуық қызылордалық студенттер, магистрлар мен аспиранттар білімін толықтырып жүр. Ол жастардың біліктілігін арттыруға өз септігін тигізетін болады.

Осыдан кейін облыс әкімі Қ.Көшербаев Қазан Кремлінде Татарстан Республикасының Президенті Р. Миннихановпен кездесті. Көңейтілген мәжілісте екі тарап бойынша бірқатар келіссөздер жүргізілді. Аталымы шара барысында Татарстан Президенті Қазақстан құрамындағы Қызылорда облысымен іскерлік байланыс орнатуға ерекше қызығушылық тудызып отырғанын жеткізді. Кездесудің ашылуында ол Қазақстан мен Татарстан арасында белсенді ынтымақтастық байланыс орнап келе жатқанын атап өтіп, «Бұл орайда Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев пен Ресей басшысы Владимир Путин аймақаралық байланысты дамытуға қолайлы жағдай жасап отыр» деді. Қазақстан мен Татарстанның жылдан жылға тауар айналымы артып келеді. Қазіргі таңда оның көлемі 1 млрд. долларға жеткен. Ал Қызылорда облысы мен Татарстан арасындағы өзара түсіністік жұмыстары барысында инновация, мұнай өндіру, мұнай-химия, машина жасау, ауыл шаруашылығы, IT секторы бойынша жаңа жобаларды жүзеге асыруға атсалысатын болады. Сондай-ақ, татарстандық мамандар Қызылорда облысының аумағында орналасқан Байқоңыр қаласында IT қызметін дамытуға ниет білдіріп отыр.

Облыс әкімі Қ.Көшербаев Татарстан Президентіне қызылордалық делегацияны жоғары деңгейде күтіп алғанына ризашылығын білдірді. Делегация мүшелері түрлі салалар бойынша жаңашыл істермен танысты.

– Біз үшін мұнай-химия, IT салалары қызығушылық тудырды, – деді аймақ басшысы аталымы жүздесу барысында. – Басқа салалар бойынша да бірлесе атқаратын жұмыстар баршылық. Осындай іскерлік байланыстарымыз біздің аймақтардың дамуына оң серпін береді деген сенімдемем. Осылайша Елбасы тапсырмасына сәйкес аймақаралық байланыстарды нығайтпақшы.

Сөз соңында облыс басшысы Татарстан Президентінен жерп жылдың қыркүйек айында Қызылорда қаласында өтетін Қазақстан татарларының «Сабантоң» мерекесіне және «Байқоңыр» ғарыш аялғына сапарлап қайтуға шақырды.

Өткен сенбіде облыстық мәслихаттың кезектен тыс 21 сессиясы өткізілді. Сессия жұмысына облыс әкімі Қырымбек Көшербаев, облыстық мәслихат хатшысы Бекмұраза Еланов және ҚР Сенат және Мәжіліс депутаттары қатысты.

БІРЛЕСЕ АТҚАРҒАН ІСТІҢ БЕРЕРІ КӨП

Сессияның беташарында облыстық сайлау комиссиясының төрағасы Қорғанбек Қайруллаев №2 Алтықұдық округтік сайлау уәкесінен облыстық мәслихат депутаты болып сайланған «Қазақстан темпы аяқтамасыз» акциядағы қорғаныс Қызылорда облысы филиалының директоры Аманкелді Арысбаевқа депутаттық куәлік пен төсбелгіні тапсырды.

Мұнан кейін сессияның күн тәртібіне сәйкес «2013-2015 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» Қызылорда облыстық мәслихатының 2012 жылғы №61 шешіміне өзгерістер енгізу туралы облыстық экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасының басшысы Сәуле Құлымбетова хабарлама жасады. Хабарламашының айтуынша, 2013 жылғы кірістер 136,5 млрд. теңге, оның ішінде салық түсімдері 23 млрд., трансфертер түсімі 112 млрд. болған. Сондай-ақ, ол мемлекеттік сатып алу қорытындысымен және жыл соңына дейін игерілмейтін 656636 мың теңге қаржыны қысқарту жоспарының отырғанын да атап өтті.

Сессияда депутаттар облыстың су шаруашылығы мен денсаулық сақтау саласының дамуына елеулі үлес қосқан Сабір Арыстанбаев пен Ернияз Омаровқа «Қызылорда облысының Құрметті азаматы» атағын беру туралы ұсынысты қолдап, бірауыздан дауыс берді. Сондай-ақ, халық қалаулылары Қызылорда қаласы әкімдігінің ұсынысына орай жақында ғана пайдалануға берілген Шығармашылық үйіне мемлекет және қоғам қайраткері Темірбек Жүргеновтің есімін беру туралы ұсынысқа да қолдау білдірді. Сонымен қатар, сессияда депутаттар сәулет-қала құрылыс кеңесінің құрамына өзгерістер мен толықтырулар енгізді. Мұнан соң депутат Нұрмұрат Ерманов мүмкіндігі шектеулі азаматтарды қолдау мен оларды жұмысқа орналастыруға көмек көрсетілсе деген ұсынысын жеткізді.

Сессияға қатысушыларды Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті күні мерекесімен құттықтаған облыс әкімі Қырымбек Көшербаев егемен еліміздің еңсесін көтеріп, Қазақстанда бүкіл әлем таныған деңгейге жеткізген Елбасының еңбегі ұшан-теңіз екенін атап өтті. Осындай өрлеу біздің облыста да бар. Атап айтқанда, қазіргі күні облыс бюджет пен салық түсімін түсіру мен құрылыс секілді салалар бойынша алдыңғы қатарда келеді. Өзімізде өндіріс, тағы басқа салаларды өркендетуде де жақсы істер бар. Жалпы, елімізде өткізілген «ЖСПО-2017» көрмесіне біздің өңірден Байқоңыр қаласы мен «Қорқыт ата» кешені таңдап алынып отыр. Соған орай Байқоңыр қаласы мен Төретам, Ақай елді мекендерін дамыту мәселелері жүзеге асырылады. Жалпы облыстың әлеуметтік және экономикалық тұрғыдан дамуы барысында біздерді көптеген келемі міндеттер күтіп тұр. Сол міндеттерді бірлесе отырып шешеміз деген ойдамын. Өрі оған әрбір азамат белсенде атсалысады деген сенімдемем.

Айғали ҚАРАБАЛАЕВ.



Жұмыс сапарының екінші күнінде делегация «Химград» технополисі мен «IT-парк» жоғары технологиялар паркіне ат басын тіреді. Бұл жерде «Электронды Татарстан», Бизнес-инкубатор, Иннополис, Қазанның Смарт Сити жобаларының тұсаукесері жасалды. Аталымы орында стартап (ағылшыншадан аударғанда start-up — іске қосу, бастап кету) пен жаңашыл идеяларды жүзеге асыруға барлық жағдай жасалған. Энергетикаштар өз қабілетін шыңдап, ой-жоспарын жүзеге асыруға мүмкіндік алды.

Тәуліктің екінші жартысында облыс әкімі «Евразиялық экономикалық интеграция. Жетістік пен проблемалар» тақырыбындағы форум жұмысына қатысты. Жиын барысында аймақ басшысы облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуы жағында кеңінен өңгімелеп, көпестікте Қызылорда облысы мен Татарстанның әріптестік бағытындағы жұмыстарының көкжиегі кеңейетініне сенім білдірді. Қызылорданың тереңнен таратын тарихы бар. Онда түбі бір түркілер өміс тұтқан Қорқыт баба мәңгілік мекені тапқан. Сондай-ақ, жер шарының жеті қат көкке алғаш қол салған Байқоңыр ғарыш аялғы да осы топырақта орын тепкен.

– Біздің өңір табиғи қазба байлықтарға өте бай, – деді облыс әкімі өңірімісін одан өрі ербітіп. – Облыс ванадий қоры бойынша Қазақстанда

маңызды рөл атқарады. Облыс аумағынан «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» халықаралық көпір дәлізінің 812 шақырым бөлігі басып өтеді. Жақын уақытта Еуропа мен Азия құрлығын жалғастыратын теміржол магистралы пайдалануға беріледі. Осының нәтижесінде облыс еуропалық және азиялық тауар рыногына шығуда маңыздылығын арттырады.

Облыс басшысы форум барысында «Бейнеу-Бозой-Шымкент» магистральды газ құбырының жақын уақытта елдің игілігіне айналатынын атап өтті. Алдағы он жылдың шамасында Арал аумағынан мұнай өндіру ісі жолға қойылып, сол арқылы мұнай мен газ өндіру еселене түсетін деген үміт бар. Жоғары сапалы кварц құмын көздегі жарату мақсатында шыны зауытының құрылысын жүргізу жоспарлануда. Жаңақорған ауданында цемент зауытының құрылысын жүргізу ойластырылуда. Тағы бір атап өтерлігі, «Балажанды жол» және «Құрықсақ» кен орындарында ванадий өндірісін ұйымдастыру жобаланған. Жалпы, он маңда әлемдегі ванадий сұранысының 25 пайызын орындауға толық мүмкіндік бар. Өңірде алтын, шунгит, титан секенді сирек кездесетін жерасты байлықтары бар екенін анықтауға.

Сондай-ақ, аймақта туризм саласын дамытуға да әбден болады. Бұл орайда «Байқоңырды» бренд есебінде пайдалану ойластырылған. Астана қаласында өтетін «ЖСПО-2017» халықаралық көрмесі барысында келген қонақтар тамашалайтын

мектепке дейінгі тәрбиемен қамту трақты күн тәртібіне біртүрлі. Республик-алық бюджет қаржысына салынған №170 мектеп құрылысы өнім айқын көрінісі. Нысанның бас мердігері – «Қазалы-құрылыс» ЖШС. Ғимарат оқу кабинеттері, асхана, мәжіліс залы, спорт залмен қамтылған. Жылу дербес бу қазандығынан беріледі. Жыныға дейін өзіміз тілдескен облыстық білім бас-қармасының басшысы Наурызбай Бай-қадамов «Мектеп сапалы, жоғары дең-гейде салынғанын, шарткерге білім алуға барлық жағдай барын жеткізді. Аудан әкімі Бақыт Жаханов мереке қар-саңында тағы да бірнеше әлеуметтік нысандар іске қосылатынын айтты.

Жаңа мектептің ашылу салтан-атында облыс әкімі Қырымбек Көшербаев «Бүгін – ерекше қуанышты

Әділжан ҰМБЕТ.

ТӨЛ МЕРЕКЕГЕ ТОЛЫМДЫ ТАРТУЛАР

Соңғы кезеңде Сыр өңірінде құрылыс салу соңы сөрліп алуға. Шалғай Сексеуілдегі кент әкімшілігі ғимараты соның айғағы. Іргетасы өткен жылы қаланған нысан пайдалануға дайын. Көркем ғимаратта әкімшіліктен өзге халыққа қызмет көрсету орта-лығының филиалы, салық басқарма-сының өкілдері, ардагерлер кеңесі, «Қазақ тілі» қоғамы орын тепкен. Аймақ басшысы Сексеуілдің ертең жарқын екендігіне, қазынадан бөлінген қаржы іргелі мекеннің өсіп-өнуіне оң әсер етерін сенім білдірді.

Арал қаласының сән-салтанаты жылдан жылға арта түсуде. Қайда мойын бұрсаңда да жасамзандықтың үлгісі байқайсыз. Бүгін теңіз перзенттері тағы бір қуанышқа келді: «Қол-

жетімді баспана – 2020» бағдарламасы бойынша салынған әсем үйлер көздің жауын алады. Сондай-ақ, коммуналдық меншіктегі резиденция маңайға айрық-шы көрік беріп тұр. Аталған нысан-дардың ашылу салтанатына қатысқан аймақ басшысы Қырымбек Көшербаев тұрғындарды қос мерекемен тұспа-тұс келген жағымды жаңалықпен құттықтады. Аудан әкімі Мархабат Жайымбетовтың айтуынша, кең көшедегі қолдың саласындай тізілген үйлер қаланың ажарына ажар қоспақ.

Түс ауа облыс әкімі Қазаның ауданына келді. Соңғы уақытта аудан орталығы біршама өзгергенін атап өткен жөн. Көшелерге асфальт төселді. Түнгі жарықтар орнатылды. Өйткені би кентінің аумағы да ұлғая түсті. Соған орай, балаларды білім ошақтарымен,

сөт. Қазақт «қос тойың қабат болсын» деген лебіз бар. Күні кеше Тұңғыш Президент күнін тойладық. Алда Тәуелсіздік мерекесі. Жаңа жыл күтіп тұр. Міне, Қазалыдан 600 орындық мектеп салынып, ел игілігіне берілді. Елбасымыздың сара саясатының арқасында Тәуелсіз Қазақстанды терткүл дүние мойындады. Білікті ұрпақ – болашақтың. Ендеше келе-шегіміздің кемел боларына сенімсіз көміп», деп сөзін түйіндеді.

Рәсім барысында соғыс және еңбек ардагері Өмірзақ Ахметов жиналғандарға бата берсе, «Қазалы-құрылыс» ЖШС директоры Асылхан Рашов мектеп директорына симво-ликалық кілтті тапсырды.

Жұмабек ТАБЫНБАЕВ.

Арал, Қазалы аудандары.

«ҚАЙСАРҒА» ҚОЛДАУ КӨРСЕТИЛЕДІ

Өткен аптаның сенбісінде облыс әкімі Қырымбек Көшербаев «Қайсар» командасы басшылары, ойыншылары мен жергілікті жанкүйерлерді қабылдады. Жүздесу барысында жұртшылыққа жаңа бапкер таныстырылды.

Алдағы жылы қызылордалық клубты қазақстандық белгілі маман Дмитрий Огай жаттықтыратын болды. Бұл есім еліміздің жанкүйерлер қауымына жақсы таныс. Ол 1960 жылы 14 мамырда Жаңбыл облысының орталық «Тараз қаласында дүниеге келген. Футболшылық өмірін өзіннің кіндік қаны тамған қаланың «Химик» командасынан бастаған. Бас бапкер есебіндегі еңбек жолын 2000 жылы Петропавлдың «Сіп-Богатыры» клубынан бастап, алғашқы жоғары табысы – күміс жүлдегер атанды. 2002, 2003 жылдарда Павлодардың «Ертіс» ең мәрте алтын медальға қол жеткізді. 2005 жылы Қостанайдың «Тобылдың» тізгінін ұстаған. Д.Огай аталмыш ұжыммен бірге үш күміс, бір қоламен еншіледі. Одан кейін Қазақстанның «Қайрат», «Тараз» клубтарында бас бапкер болды. Сондай-ақ, Ресейдің «Урал» және «Нефтехимик» клубтарына жетекшілік жасады.

Облыс әкімі жаңа бапкер алдына жоғары міндеттер жүктеліп отырғанын жеткізді. Келер жылы үздіктер қатарына қайта қосылған «Қайсар» жанкүйер сенімінен шығып, табысты ойын көрсетуге тырысады. Оған барлық қамқорлық жасады. Қазіргі таңда команданың базасы қайта жөндеуден өткізіліп жатыр. Алдағы уақыттың еншісінде 3 мың адамға лайықталған жабық стадион салу жоспарланып отыр. Сонымен қатар, команданың өткен жылдан қалған берешегі жақын арада толықтай өтелмек.

Келесі кезекте Д.Огай өзіне сенім білдірген аймақ басшысы мен барша қызылордалықтарға ризашылығын білдірді. Сол сенімді ақтауға күш салатынын жеткізді. Жүздесу барысында «Қайсар» командасының жанкүйерлер тобын біріктірген «Дала қасқырлары» фан-клубының жетекшісі Ерік Теңізбаев облыс әкіміне жергілікті жұртшылық атынан алғысын білдіріп, құрмет көрсетті.

Жүздесуден кейін Д.Огай «Қайсардың» бас бапкері есебінде жергілікті журналистерге алғашқы сұхбатын берді. Алдағы желтоқсан айының 7-сі күні команда жаңа маусымға алғашқы дайындық бастайды. Үш оқу-жаттық жылының кеуі Түркияда өткізіледі деп ойластырылып отыр. Сол әзірлік барысында әрбір шепке қажетті футболшылар таңдалады.

Әділжан ҰМБЕТ.

Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының конкурстық комиссиясы.

